

«Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«Бекітілген»
(16.04.2024 жылғы № 4/4 жиналыс хаттамасы)



**Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым
оқиғалардан міндетті сақтандыру
Ережелері**

Алматы қ., 2024 жыл

Мазмұны	
1 -ТАРАУ. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР	3
2 -ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
3-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	4
4-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ	4
5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ	5
6-ТАРАУ. ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ	6
7-ТАРАУ. ЗИЯН КЕЛТІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ	6
8-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ	8
9-ТАРАУ. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ	10
10 -ТАРАУ. ЗЕЙНЕТКЕ ДЕЙІНГІ АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАУ	10
11 -ТАРАУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ	11
12-ТАРАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	11
13-ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	14
14-ТАРАУ. ҚОСЫМША ШАРТТАР	14

Осы қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасау және орындау тәртібін айқындайды. Ережелер мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерін еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандыруды реттемейді.

1 -ТАРАУ. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1. Ережелерде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) **аннуитет шарты** - сақтандырушы шартта белгіленген мерзім ішінде сақтандыру төлемін пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде жүзеге асыруға міндетті болатын сақтандыру шарты;

2) **сақтандыру шарты** – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты;

3) **Заң** - Қазақстан Республикасының «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңы;

2) **уәкілетті орган** - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;

3) **кәсіптік еңбекке қабілеттілік** – қызметкердің белгілі бір біліктіліктегі, көлемдегі және сападағы жұмысты атқару қабілеті;

4) **кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айрылу дәрежесі** – қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару қабілетінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын төмендеу деңгейі;

5) **кәсіптік тәуекел сыныбы** – өндірістік жарақаттанудың және кәсіптік аурулардың экономикалық қызмет түрлері бойынша қалыптасқан деңгейі;

7) **пайда алушы** – Ережелерге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

8) **сақтандыру жағдайы** – Заңның 16-1-бабында көзделген мән-жайлар кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің [195-1-бабының 1-тармағында](#) көзделген жағдайлар туындаған кезде қызметкер (қызметкерлер) еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде ол (олар) ұшырайтын, соның салдарынан қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге, кәсіптік ауруға не өлімге әкеп соғатын өндірістік жарақаттану, денсаулығының күрт нашарлауы немесе улану болатын еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кездегі жазатайым оқиға (жазатайым оқиға);

9) **алдын алу шаралары** - қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және жақсартуға бағытталған алдын алу сипатындағы шаралар;

10) **сақтандырушы** – «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

11) **сақтанушы** – қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан жұмыс беруші;

12) **сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға.

2 -ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Сақтандыру шартының мәні қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру болып табылады, осыған байланысты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін сақтандыру шартында көзделген көлемде және талаптарда жүзеге асыруға міндеттенеді.

2. Ережелерге сәйкес жасалатын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру объектісі өзіне кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу не оның қайтыс болу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің [195-1-бабының 1-](#)

тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде жазатайым оқиға нәтижесінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүліктік мүддесі болып табылады.

3-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

1. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сақтанушы мен сақтандырушы арасында Қазақстан Республикасының Заңы мен Азаматтық кодексіне сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін қызметкердің пайдасына жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Сақтанушының өтініші сақтандыру шартын жасау үшін негіз болып табылады. Сақтандырушы өтінішке қосымша сақтанушы мәлімдеген экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың дұрыстығын тексеру үшін штаттық кестені немесе өзге де ақпаратты беруді талап етуге құқылы.

3. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады. Шарттың жазбаша нысанын сақтамау оның маңызсыздығына әкеп соғады.

4. Сақтандыру шарты қағаз нұсқада немесе электрондық нысанда жасалады.

5. Сақтандыру шарты мынадай тәртіппен жасалады:

1) Сақтандыру шартын жасау және оған тараптардың қол қоюы. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152-бабының 2-тармағына сәйкес шартқа қол қою сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды жүзеге асырмай, электрондық цифрлық қолтаңбаны, оның ішінде электрондық құжаттарға қол қою сервистерін пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін;

2) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым, сақтандырушы мен сақтанушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып немесе заңнамада көзделген жағдайларда – маркетплейстер арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда.

6. Сақтандыру шартында Занда және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген міндетті талаптар болуға тиіс.

7. Сақтандыру шарты келесі жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:

1) шарттың қолданылу мерзімінің өтуі;

2) шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

3) Сақтандырушының сақтандыру шартында белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы;

4) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны тиісінше тексеру бойынша шаралар қабылдаудың мүмкін еместігі;

5) іскерлік қатынастар КЖ және ТҚ мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіз болған кезде.

8. Сақтандыру шартының тоқтатылуы сақтандырушыны кейіннен сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары деп танылған жазатайым оқиғалар бойынша пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша міндеттен босатпайды.

4-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1. Сақтандыру шарты сақтандыру шартында белгіленген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

2. Сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады. Сақтанушының қызметін он екі айдан кем мерзімде жүзеге асыру кезінде сақтандыру шарты осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

3. Сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші туындаған сақтандыру жағдайы бойынша өзінің қолданылуын тоқтатпайды.

4. Егер сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, онда сақтандыру арқылы қорғау кезеңі сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне сәйкес келеді.

5. Қызметкердің өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару аумағы сақтандыру аумағы болып табылады.

5-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру сомасы сақтандыру шартымен айқындалады, бірақ сақтандыру шартын жасау сәтінде барлық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің жылдық қорынан кем болмауға тиіс.

2. Сақтандыру сомасы Ережелерде көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің), жерлеуге, жерлеуге арналған шығыстардың, алдын алу және оңалту шараларын жүргізуге арналған шығыстардың сомасына азаяды.

3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы Заңның 17-бабының 2-тармағында белгіленген сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына көбейтілген сақтандыру тарифі негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

4. Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде төлем қоры және (немесе) қызметкерлердің штат саны өзгерсе, онда тараптардың келісімі бойынша шарт сақтандыру шартының (негізгі шарттың) қолданылу кезеңіне қосымша келісім жасау жолымен (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшері бөлігінде) өзгертілуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы еңбекақы төлеу қорының өзгеру сомасы және сақтандыру шарты (негізгі шарт) аяқталғанға дейін қалған мерзім негізге алына отырып есептеледі. Сақтандыру тарифі сақтандыру шарты (негізгі шарт) жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне барабар есептеледі.

5. Егер Заңға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына арналған ең төменгі жалақы мөлшерінен аз болған жағдайда, онда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері ең төменгі жалақы мөлшерін құрайды. Бұл ретте сақтандыру сомасы сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің ұлғаюына барабар ұлғаяды.

6. Экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызу тәртібін уәкілетті орган белгілейді. Сақтанушы экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол өзінің қызметінің негізгі түріне сәйкес келетін кәсіптік тәуекел сыныбына жатқызылуға тиіс. Сақтанушы өндірістің жалпы көлемінде біркелкі бөлінген экономикалық қызметтің бірнеше түрін жүзеге асырған жағдайда, ол кәсіптік тәуекелдің неғұрлым жоғары сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

7. Сақтанушы жіберуші тарап ретінде қызметкерлерді ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт шеңберінде қызметті жүзеге асыратын болса, онда ол қызметкерлерді ұсыну бойынша қызметтер көрсетуге жасалатын шарттарға сәйкес қабылдаушы Тараптың кәсіптік тәуекел сыныбынан немесе қабылдаушы Тараптың кәсіптік тәуекелінің ең жоғары сыныбынан төмен емес кәсіптік тәуекел сыныбы бар экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

8. Сақтанушының сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиалы (филиалдары) болған жағдайда, ол өзінің кәсіптік тәуекел сыныбы сәйкес келетін экономикалық қызмет түріне жатқызылуға тиіс.

Бұл ретте филиалдың (филиалдардың) өзі жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі туралы растамасы болуы тиіс (болуға тиіс).

9. Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтанушы сақтандыру шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде бір рет немесе бөліп-бөліп төлеп жүргізеді. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уақытылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

10. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде қызметкердің кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген жағдайда сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге барабар қайта есептелуге жатады.

11. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын / бірінші сақтандыру жарнасын төлеуді сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жүзеге асырмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартын жазбаша хабарлама жолымен біржақты тәртіппен бұзуға (егер сақтандырушы сақтандыру шартын бұзса, онда ол бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталған күнге қарамастан жүзеге асырылмайды) немесе сақтандыру шартындағы берешек сомасын сот тәртібімен өндіріп алуға құқылы.

6-ТАРАУ. ТҮЗЕТУ КОЭФФИЦИЕНТІН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

1. Түзету коэффициенттерінің мәндері Заңның 17-1-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерде қолданылады.

2. Түзету коэффициенті қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан күннің алдындағы соңғы үш жылдың ішінде зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық саны мен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан күні сақтанушы қызметкерлерінің тиісті жалпы саны негізінде айқындалады.

Түзету коэффициенттерінің мәндері Заңның 17-1-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерде қолданылады.

3. Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу күнінің алдындағы соңғы үш жыл ішінде сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда сақтандырушы Заңның [17-бабына](#) сәйкес айқындалған, жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін 10 пайыздан асырмай азайтуға құқылы.

4. Егер сақтанушыдан өзгеше қызметті жүзеге асыратын филиал (филиалдар) сақтанушыда болған жағдайда, онда түзету коэффициенті барлық зардап шеккен қызметкерлердің орташа жылдық санын және жұмыс беруші мен оның филиалы (филиалдары) қызметкерлерінің жалпы санын ескере отырып есептелінеді.

5. ардап шеккен қызметкерлер санын есептеу үшін қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін 30-дан 100 пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге не оның қайтыс болуына әкеп соққан жазатайым оқиғалар саны есепке алынады.

6. Түзету коэффициентін қолдану [тәртібі](#) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

7-ТАРАУ. ЗИЯН КЕЛТІРУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МӨЛШЕРІ, МЕРЗІМДЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

1. Сақтандыру шарты сақтандыру және өзге де төлемдердің мынадай түрлерін көздейді:

1) аннуитеттік сақтандыру және зейнетке дейінгі аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша мерзімді төлемдер (аннуитеттік төлемдер) түріндегі сақтандыру төлемі;

2) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінде жерлеуге арналған шығыстарды өтеу;

3) денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша біржолғы сақтандыру төлемі;

4) зардап шеккен қызметкерді оңалтудың жеке бағдарламасына қарамастан, бір санаторий-курорттық емделуге ақы төлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу;

5) алдын алу шараларын және (немесе) оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды өтеу;

6) сақтанушыға алдын алу шараларын жүргізуге жұмсаған нақты шығындарын өтеу.

2. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян қызметкердің уақытша еңбекке жарамсыздығына байланысты зиянды қоспағанда, оның қайтыс болуына немесе оның кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты зиянды материалдық білдіруді қамтиды. Қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде айқындалады.

3. Қызметкердің қайтыс болуына немесе оған кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуға байланысты зиянның мөлшері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес айқындалады.

4. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бес пайыздан жиырма тоғыз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеуді сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін отыздан жүз пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін сақтандырушы жүзеге асырады.

5. Өтелуге жататын жоғалған жалақыны (табысты) есептеу үшін ескерілетін орташа айлық жалақының (табыстың) мөлшері қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасау күніне арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды.

6. Сақтандыру төлемінің мөлшері мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді шегере отырып, жүзеге асырылады.

7. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жылдан кем мерзімге белгілеуіне байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін сақтандырушы ай сайын аннуитет шарты негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте бірінші сақтандыру төлемін сақтандырушы осы Ережелерде көзделген құжаттарды ұсынған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

8. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін бір жыл және одан да көп мерзімге белгілеуге байланысты жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі Заңның 23-бабына сәйкес сақтанушымен жасалған аннуитет шартына сәйкес қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу не ұзарту (қайта куәландыру) мерзіміне тең мерзім ішінде, бірақ қызметкердің Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толу мерзімінен аспайтын мерзім ішінде жұмыскердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

9. Сақтандырушы жалақысынан (табысынан) айырылуына байланысты зиянды өтеу ретінде жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және аударылады.

10. Жазатайым оқиға басталған кезде, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиға салдарынан оның денсаулығының нашарлауы себебінен қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеу бойынша сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

11. Заңда көзделген жағдайларда пайда алушылар болып табылатын өзге тұлғалар сақтандыру төлемін алуға құқылы.

12. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.

13. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда қызметкердің денсаулығына зиян келтіруден туындаған қосымша шығыстарды өтеуді сақтандырушы қызметкер не осы шығыстарды шеккен тұлға ұсынған осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық көмекке арналған шығыстар өтелуге жатпайды.

14. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша сақтандыру төлемдерінің жиынтық мөлшері мынадай мөлшерден аспауға тиіс (республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштерде):

1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен 30-дан 59 пайызға дейін, қоса алғанда айырылу дәрежесін белгілеу кезінде-500;

2) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен 60-тан 89 пайызға дейін, қоса алғанда айырылу дәрежесін белгілеу кезінде-750;

3) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен 90-нан 100 пайызға дейін, қоса алғанда айырылу дәрежесін белгілеу кезінде-1 000.

15. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша сақтандыру төлемін сақтандырушы Ережелердің осы тарауында белгіленген мөлшерлер шегінде қызметкер немесе осы шығыстарды растайтын құжаттарды осы шығыстарды шеккен тұлға ұсынған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

16. Денсаулықтың зақымдануынан туындаған қосымша шығыстарды өтеу бойынша жиынтық сақтандыру төлемдерін сақтандырушы Ережелердің осы тарауында айқындалған мөлшерлер шегінде кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың тиісті бастапқы белгіленген дәрежесі бойынша жүзеге асырады.

17. Зардап шеккен қызметкер қайтыс болған жағдайда оны жерлеуді жүзеге асырған адамға сақтандырушы жерлеуге арналған шығыстарды жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

18. Егер осы тарауда көзделген сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге арналған шығыстардың мөлшері сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асып кеткен жағдайда, айырма сақтандырушыға сақтанушының есебінен төленеді.

19. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар сақтандырушының есебінен жүргізіледі.

20. Сақтанушыға оның алдын алу шараларын жүргізуге жұмсаған нақты шығындарын өтеуді сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеген жағдайда және сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін ғана уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.

21. Сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеу сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

22. Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылудың бастапқы белгіленген дәрежесінен кейін зардап шеккен қызметкердің зардап шеккен қызметкерді оңалтудың жеке бағдарламасына қарамастан, бір санаторий-курорттық емделуге ақы төлеуге жұмсалған шығыстардың орнын толтыруға құқығы бар.

Келтірілген шығыстарды өтеу осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшеріне дейін жүзеге асырылады.

8-ТАРАУ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ

1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға пайда алушының тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын, банктік деректемелерін (қажет болғанда), сақтандыру төлемін - қолма-қол ақшамен не банктік шотқа аударым жасау арқылы алу тәртібін көрсетіп, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша нысанда қояды

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген жағдайда:

- сақтандыру шартының көшірмесі;
- жазатайым оқиға туралы акт;

- зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылуды белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі;
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қосымша көмек пен күтім түрлеріне мұқтаждық туралы анықтамасының көшірмесі;
- емделуге кеткен нақты шығыстарды растайтын құжаттар (шот-фактура, кассалық чек және басқалар);
- уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша тағайындалған әлеуметтік төлем мөлшері не оны тағайындаудан бас тарту туралы анықтамасының көшірмесі;
- кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы берген, кәсіптік аурудың бар-жоғын растайтын құжаттың көшірмесі;
- жұмыс беруші куәландырған, зардап шеккен қызметкердің жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесію

2) қызметкер қайтыс болған жағдайда:

сақтандыру шартының көшірмесі;

жазатайым оқиға туралы акт;

қызметкердің қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама;

қызметкер қайтыс болған жағдайда, пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жұмыс беруші куәландырған, қайтыс болған қызметкердің жұмыс істеген, бірақ он екі айдан аспайтын кезеңдегі жалақысының мөлшерін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде залалды болғызбау немесе азайту мақсатында сақтанушының шеккен шығыстарын, олар болған жағдайда, растайтын құжаттар.

4) тиісті тексеру үшін қажетті құжаттардың көшірмелері.

3. Егер Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында компанияның клиентпен іскерлік қатынастар орнатқаннан және шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін (міндетті сақтандыру шарттарын электрондық тәсілмен жасасқан кезде) клиент пен оның бенефициарлық меншік иесі бойынша мәліметтердің дұрыстығын салыстырып тексеруді жүзеге асыруы көзделген болса, онда клиент (оның өкілі) оларды сәйкестендіру және бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы/сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім клиент пен оның бенефициарлық меншік иесі бойынша дұрыстығын салыстырып, осы тараудың 2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін қабылданады

Сақтандырушының сақтанушыдан не пайда алушыдан қосымша басқа да құжаттарды талап етіп алдыруына жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды өтініш беруші олар дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым сақтандырушыға қолжетімділікті беретін мемлекеттік органдардың дерекқорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда болған (оларда көрсетілген мәліметтер болған) жағдайда бермейді.

Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу мақсатында сақтандырушы зардап шеккен жұмыскердің немесе оның заңды өкілінің жазбаша нысандағы келісімі болған және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптары сақталған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген құжаттарды (оларда көрсетілген мәліметтерді) және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді мемлекеттік органдардың дерекқорынан және (немесе) ақпараттық жүйелерінен электрондық нысанда алуға құқылы.

4. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш беруші табыс еткен құжаттардың толық тізбесін және олар қабылданған күнді көрсете отырып, екі данада анықтама жасауға міндетті.

Анықтаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, өтініш берушінің оны алғаны туралы белгісі бар екінші данасы сақтандырушыда қалады.

Сақтанушы немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға осы баптың 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды табыс етпеген жағдайда, сақтандырушы оларды үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

5. Зардап шеккен қызметкер (ал ол қайтыс болған жағдайда қызметкердің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтетуге құқығы бар тұлға), сондай-ақ келтірілген зиянды сақтандырушының Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде пайда алушыға өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған сақтанушы немесе өзге тұлға пайда алушы болып табылады.

6. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқылы емес.

9-ТАРАУ. АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАСУ

1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген не ұзартылған (қайта куәландырылған) не ол қайтыс болған жағдайда жұмыс беруші осы тараудың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, қызметкердің не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаның пайдасына сақтандырушымен аннуитет шартын жасауға міндетті.

2. Аннуитет шарты осы Ережелердің 9-тарауының 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамдардың Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мөлшерде және мерзімдерде табыс алуын қамтамасыз ететін шарттарда жасалады.

Аннуитет шарты қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасаған сақтандырушымен жасалады.

4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын пайда алушымен төленуге жатпайды.

5. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

10 -ТАРАУ. ЗЕЙНЕТКЕ ДЕЙІНГІ АННУИТЕТ ШАРТЫН ЖАСАУ

42. Қызметкердің зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алуға өтініші және Әлеуметтік Кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген талаптар болған кезде сақтанушы қолданылу кезеңінде зейнетке дейінгі аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға әкеп соғатын оқиға болған сақтандыру шартын жасаған сақтандырушымен пайда алушының пайдасына зейнетке дейінгі аннуитет шартын жасауға міндетті.

43. Зейнетке дейінгі аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы есебінен жүзеге асырылады.

44. Сақтанушы еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне еңбек шартының тоқтатылуы не еңбек шартының шарттарының өзгеруі туралы ақпарат енгізілгеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде зейнетке дейінгі аннуитет шартын жасауға өтінішпен сақтандырушыға жүгінеді.

Өтінішті сақтанушы сақтанушының өтініш берген күні қолданыстағы сақтандыру шарты бар сақтандырушыға береді.

45. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы зейнетке дейінгі аннуитет шартын жасау үшін жеткіліксіз болған кезде сақтанушы зейнетке дейінгі аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының қалған бөліктері арасындағы айырмаға тең сақтандыру сыйлықақысының сомасын төлеуді жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, зейнетке дейінгі аннуитет шарты сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеуді сақтандыру шотына толық мөлшерде түскен күннен бастап күшіне енеді.

11 -ТАРАУ. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

1. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген жағдайлар басталған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
2. Сақтандырушы келесі аталған жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға міндетті:
 - сақтанушы/сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
3. Сақтандырушы сақтанушы/сақтандырылушы / пайда алушы Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты террористік қызметке қатысы бар адамдар мен ұйымдардың тізбесінде болған жағдайда операцияларды тоқтату бойынша шараларды қолдануға құқылы;
4. Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешімді сақтандырушы қабылдайды және бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, сақтанушыға жазбаша нысанда хабарланады.
5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына сақтанушы (пайда алушы) сотқа шағымдана алады.

12-ТАРАУ. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушының:

- 1) қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін сақтандырушыны таңдауға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға;
- 4) сақтандырушыдан міндетті сақтандыру талаптарын, қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 6) қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Заңның [24-1-бабында](#) көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;
- 7) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

8) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен алдын алу шараларын және (немесе) оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтетуге құқығы бар.

2. Сақтанушы:

1) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен, жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың үлгілік шартына сәйкес сақтандырушымен жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

2) сақтанушы қызметін жүзеге асыруды бастаған айдан кейінгі айдың бірінші онкүндігі ішінде сақтандырушымен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

3) шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын сақтанушыны «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы мемлекеттік тіркеген жағдайда сақтандырушымен жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасуға арналған өтінішті электронды түрде беруге;

4) сақтандыру сыйлықақысын қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен мен мерзімде төлеуге және өзіндегі сақтандыру жөніндегі барлық құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақталуын қамтамасыз етуге;

5) қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел сыныбы өзгерген кезден бастап он жұмыс күні ішінде бұл туралы сақтандырушыны хабардар етуге;

6) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;

7) жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болғанда, бұл туралы дереу, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандырушыға хабарлауға;

8) уәкілетті орган мен сақтандырушы өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен сақтандыру жағдайларының басталу мән-жайларын тексеруді қамтамасыз етуге;

9) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалын дәлелдеуге;

10) пайда алушы бойынша сақтандыру төлемін есептеу, аннуитет шартын жасасу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты (оның ішінде ұялы байланыстың абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын) шартта белгіленген мерзімде сақтандырушыға беруге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлерді міндетті медициналық тексеруден уақтылы өткізуді қамтамасыз етуге;

12) қызметкерлердің сақтандыру жағдайы алдындағы еңбек жағдайлары туралы құжаттарды уәкілетті органға және денсаулық сақтау ұйымдарына ұсынуға;

13) қызметкерлерді еңбектің қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне өндірістен қол үздірмей оқытуға;

14) уәкілетті органның жазатайым оқиғалардың профилактикасы, олардың алдын алу мен тексеру мәселелері жөніндегі шешімін орындауға;

15) өзінің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;

16) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайтуға бағытталған шаралар қолдануға;

17) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап қою құқығының сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;

18) Заңда көзделген жағдайларда, қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына қызметкерді жазатайым оқиғадан міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде аннуитет шартын жасасуға;

19) Заңның 23-1-бабына сәйкес еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда істейтін жұмыскердің пайдасына зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасуға және еңбекті қорғау мен қауіпсіздік жөніндегі ақпараттық жүйеге мәліметтерді енгізуге

20) аннуитет шарты жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның көшірмесін пайдасына аннуитет шарты жасалған пайда алушыға ұсынуға;

21) зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты жасалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның көшірмесін пайдасына зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты жасалған пайда алушыға ұсынуға міндетті.

3. Сақтандырушының:

- 1) сақтандыру жағдайларын тексеруге қатысуға;
- 2) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қызметкерді куәландыруы кезінде қатысуға;
- 3) ақпаратты экономикалық қызмет түрлерін штаттық кестеге немесе сақтанушы беретін және (немесе) сақтандырушы сұрататын өзге де ақпаратқа сәйкес кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың сәйкестігі тұрғысынан тексеруге;
- 4) сақтандыру жағдайлары жөніндегі ақпаратты тексеруге және қажет болған кезде тиісті уәкілетті органдарға сұратулар жіберуге;
- 5) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін сақтанушының объектілеріне тексеру жүргізуге;
- 6) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының [Әлеуметтік кодексінде](#) және Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
- 7) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
- 8) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 9) зиян келтірген тұлғаға кері талап қоюға құқығы бар.

4. Сақтандырушы:

- 1) сақтанушыны қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартының талаптарымен таныстыруға және оның қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Заңға және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемдерін және жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеуді жүргізуге;
- 3) жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөніндегі мәліметті дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;
- 4) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде, жасалған зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартына және Заңға сәйкес зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін ай сайын жүзеге асыруға;
- 5) өз қызметінің нәтижесінде сақтанушы және пайда алушы туралы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 6) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтінішті және Заңның [20-бабының 2-тармағында](#) көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап, жеті жұмыс күні ішінде пайда алушыға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін және сақтанушының (пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге;
- 7) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 8) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге;
- 9) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін шығарған шығыстарын өтеуге;

10) Заңның 19-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемдерін уақтылы жүзеге асырмаған кезде пайда алушыға аннуитет төлемі бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін төленбеген соманың 1,5 проценті мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

11) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде сақтанушыға алдын алу шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге;

12) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйлықақысының алты пайызынан аспайтын мөлшерде сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды өтеуге;

13) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде пайда алушыға санаторийлік-курорттық емделуге жұмсалған шығыстарды өтеуге міндетті.

5. Пайда алушының:

1) Заңда және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемдерін алуға;

2) сақтанушы мен сақтандырушыдан қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру талаптары туралы ақпаратты, сондай-ақ оның пайдасына жасалған аннуитет және зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарттарының көшірмелерін тегін алуға;

3) сақтандыру жағдайын тергеп-тексеру мәселелері бойынша шешімдерге уәкілетті органға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

4) уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша жүгінуге;

5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлауға;

6) сақтандыру жағдайын тексеруге қатысуға, оның ішінде қызметкерлер өкілдерінің не өзі сенім білдірген адамның қатысуымен қатысуға;

7) қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Заңның 24-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына, еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органға, уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге;

8) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

9) Заңның 19-бабының 2-1-тармағына сәйкес республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды және санаторийлік-курорттық емделуге жұмсалған шығыстарды өтетуге құқығы бар.

13-ТАРАУ. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

4 Сақтандыру омбудсманының шешімімен келіспеген жағдайда сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы), сақтандырушы сақтандырушының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құқығын қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсманының шешімін орындау міндетті болып табылмайды.

14-ТАРАУ. ҚОСЫМША ШАРТТАР

1. Ережелермен реттелмеген барлық жағдайлар қолданыстағы заңнамамен және сақтандыру шартымен реттеледі. Қызметкер еңбек (қызметтік міндеттерін) атқарған кезде

оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда қолданыстағы заңнаманың ережелері қолданылады.

2. Сақтанушы сақтандыру шартын жасай отырып, Ережелердің барлық шарттарымен танысқанын, Шарттың және Ережелердің әрбір бетін оқып шыққанын және келісетінін растайды.

3. Электрондық құжаттарға қол қою сервистерін пайдалана отырып сақтандыру шартына қол қою мақсатында сақтанушы сақтандырушының сақтандыру шартының жобасын электрондық құжаттарға қол қою сервисіне және оның иесіне жіберуіне өзінің келісімін береді.

4. Ережелер қазақ және орыс тілдерінде жасалған. Ереженің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері сәйкес келмеген жағдайда, Ереженің орыс тіліндегі мәтініне басымдылық беріледі.